

«Мектеп жылыжайларының тиімділігін арттыру жолдары» тақырыбындағы облыстық әдістемелік кеңес

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 2 қазан күні «ZOOM» платформасы арқылы онлайн режимде «Мектеп жылыжайларының тиімділігін арттыру жолдары» тақырыбында облыстық әдістемелік кеңес өткізді.

Әдістемелік кеңеске облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жылыжай



жетекшілері, экология-биология саласы бойынша жетекші мамандары және аудандық/қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері мен жалпы орта білім беру мекемелерінің биология пәні мұғалімдерінің 50-ге жуық қатысушы қамтылды. Кеңесте мұғалімдерді толғандырып жүрген мектеп жылыжайындағы тәжірибе барысында қолданылатын шығармашылық жұмыстардың түрлі формалары мен әдістері туралы сөз қозғалды.



Бейнеу ауданы, Үстірт орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі Таңатарова Асыл Әбдіғалиқызы «Жылыжайдағы тәжірибе жұмыстары және агротерапиялық шараларды ұйымдастыру тәжірибесі» және Мұнайлы ауданы, №11 орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі Темірова Бибіжан Нұрсұлтанқызы «Мектеп жылыжайындағы эксперименттік жұмыстар» тақырыптарында өз баяндамаларын оқыса, Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінің биология пәні мұғалімі Кемалова Саясат Дүйсенқызы «Жылыжайда гүл өсіру және парфюмерия кәсібіне баулу әдістері» тақырыбында өз таныстырылымын баяндады.

«Табиғатты аяла-2020» республикалық сайысынан II орынды жеңіп алған Маңғыстау ауданы, Е. Айшуақұлы атындағы орта мектептің оқушылары Байжанова Ағиля мен Серік Парасаттың «Вертикальды ферма» жобасы қатысушыларға танысты-

рылып, бұл жобаны практикада жүзеге асыруға жағдай жасау туралы пікірлер қолдау тапты.

Кеңес жұмысын қорытындылай келе, қатысушылар тарапынан мектептерде жасыл өсімдіктерді қорғау және молайту бағытында жұмыс жасайтын үйірмелерді көбейту, білім беру ұйымдары жанындағы жылыжайлар жұмысын жақсарту, мектептердің жылыжайларда көкөніс өсіру жөніндегі тәжірибелерін жергілікті тұрғындар арасында



кеңінен насихаттау туралы ұсыныс айтылды.

Алтынғұл БИМУХАНБЕТОВА,
Экология-биология бөлімінің әдіскері

Жаңаша сипат: қашықтан оқытудың ерекшеліктері



Қазіргі таңда бүкіл әлем білім беру ісін қашықтан өткізіп жатыр. Оған әлемде болып жатқан пандемия әсерін тигізіп отырғандығын көпшілік жақсы біледі. Осы жағдайға байланысты білім беру ұйымдарына қатысты, қашықтан оқыту жүйесіне көшу біздің мектебімізде де қарқынды жолға қойылды. Қашықтан оқыту

оқушы мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасының, оқу құралдары мен әдістемелерді, оқытуды ұйымдастырудың өзгешелігімен ерекшеленетіні анық байқалды. Арта көз жүгіртсек, интернет 2000 жылдардың басында білім беру процесінің маңызды қатысушысы ретінде қолданысқа енді. Ал бүгінгі таңда оқытуда технологияны мүлдем пайдаланбайтын мұғалім немесе оқушы сирек кездеседі. Қашықтан оқытудың кейбір ерекшеліктеріне тоқталып өтсем:

Оқушылардың кез келген уақытта білім алуларына мүмкіндіктері бар. Материалды меңгеруге қашан және қай уақытта кірісетінін өзі шешсе алады. Өрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге қайта орала алады, бірнеше рет бейнежазбаларды қору арқылы түсінбеген тақырыптарын меңгере алады.

Тағы бір ерекшелігі – кез келген жерде білім алу мүмкіндігі. Мүмкіндігі шектеулі жаңдар үшін, қашықта тұратын адамдар үшін де өте

тиімді.

Меніңше, тапсырмалардың да сан түрлілігі олардың белсенді қатысуларына еш кедергі емес деп есептеймін. Өйткені қашықтан оқыту формасы цифрлық технологияларды өте белсенді қолдануды қамтиды. Онлайн ойындар, музыкалық қосымшалар, викториналар, тапқырлыққа арналған интерактивті тапсырмалар, сабақтар – осылардың барлығы оқушыларға оқулықтағы тапсырмаларға қарағанда қызықты және түсінікті болады. Мұны өзім сабақ беретін 2-сынып оқушылары кері байланыс беруде ерекше атап өткен еді.

«Оқушы үніне» зер салар болсақ, қашықтан оқыту барысындағы қиындықтарға олар интернет жылдамдығының ғана бірде сапалы, бірде әлсіз болуымен байланысты кедергілерді айтып өтсе, тапсырмаларды жолдауда уақыттың шектеулі болмағаны қателіктердің орнын толтырып, жұмысты жақсартудың мүмкіндігі деп есептейді.

Сонымен қатар бұл оқытудың формасы – әрбір білім алушының өз бетінше жұмыстануға, ізденуге, жауапкершілікке бейімдейді. Қалай болғанда да, бүгінгі күні қашықтан оқыту жайлы аз айтылып жатқан жоқ. Сынға алып, оны миіне жатқандар да, қолдаушылар да жеткілікті. Дегенмен болашақта қашықтан оқытудың да қажет екендігі байқалып жатыр. Ол заманның талабынан туындауда.

Менің ойымша, шын жүрегіңізбен қалап ұмтылсаңыз, сіз кез келген жағдайға бейімделе аласыз. Ең бастысы – инновацияларды артықшылықтарын табу, содан кейін қателіктермен жұмыс істеу.

Диляра ТУГУЖЕВА,
Ақшұқыр мектеп-гимназиясының
2-сынып жетекшісі,
Тұнқараған ауданы

Мектеп оқушыларын қашықтан оқыту

Өткен ғасыр көпін тарих сырларын, Даналарым ашып сырды сыйладың. Мұғалім деп атын қойды кейінгі, Үлгі етіп дана ісін ұрпағын. Бүгін міне күн туып тұр басына, Мұғалім дана, болшы пана балаға. Дегендей-ақ жауандайды алаңдап, Үйде отырған ақ жаулықты ана да.

Шындыққа тура қарайтын болсақ, балаларымыз үшін барлық ата-ана да, ұстаздар қауымы да алаңдаулы. Сондай-ақ, бүгінгі күннің басты мәселесі бәрімізге мәлім. Өрине, біз осыған дейін камқоніл күйде болатынбыз. «Өмір заңы-ол күрес». Иә, біз балаларымыздың болашағы үшін әрі қарай күресудеміз. Өмір сүру дегеніміз қажет нәрсенді өз қолыңмен жасау. Жасап та жатырмыз. Бірінші ауыр жүк ұстаз қауымына артылатыны мәлім. Дегенмен де, баланы тәрбиелеуші жалғыз ғана ұстаз емес екендігін түсінеміз. Сонымен қатар ол-отбасы. Осындай қиын жағдай ата-аналарды да қажытты. Біз оны күнделікті тәжірибемізден аңғарып отырмыз. Қазіргі таңда

COVID-19 кесірінен балаларды үйде отырғызып, қашықтан оқыту – әлемдік практикаға айналды. Көпбалалы отбасыларында ноутбук, компьютер, сотқа мәселелеріне байланысты ата-аналардың да шағымы аз болған жоқ. Соған қарамастан ата-аналар қолдарынан келгенше тырысып бағуда. Ұстаздардың құрметті, қадірлі екенін оқушылардың, ата-аналардың жанапқайынан да естіп жатырмыз. Қашықтан оқыту мәселесі аяқасты шешім болғандықтан бәрімізді есентіретіл тастады. Жоғарыда айтып кеткендей, мүмкіндіктерді пайдаланып мұғалім мен ата-аналар тығыз байланыста болып, балалардың қашықтан оқуын жүргізіп келеміз. Қашықтан оқыту әрине ауыл балалары үшін керемет деп айту қиын. Себебі оқушының үйінде оқу үшін жақсы жағдайы болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы керек. Бізде ол жағы әлсіздеу. Соған қарамастан ұстаздар қауымы да жаңашылдыққа әрқашан бейім болғандықтан сынсағатта қиындыққа қарамастан барлық технологияларды тиімді қолдануда.

Оқыту процесінде қолданылатын жаңа

әдістердің бірі-қашықтан оқу әдісі болып табылады.

Қашықтан оқыту – бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетінше білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын арттыратыны бәрімізге мәлім. Осы тұста біздің ұстаздарымыз да тыным таппай еңбектенуде. Алайда, денсаулыққа тигізер зияны да орасан. Осы тұсын ескеруіміз керек. Балаларымыздың мектепте оқып, білім алғаны ата-ана ретінде біз үшін маңызды. Қашықтан оқыту балаларымыздың ұстаздарына деген сағынышы мен қадірін ұғындырғандай. Ата-аналардың ұстаздарға деп айтқан жылы сөздерінің астарында сағыныштың көз жасы да байқалады. Өрине, бұл уақыт талабы. Бәріне сабырлықпен, шыдамдылықпен қараған жөн.

Қаламқас ҚҮЛХАНОВА,
«Мұнайшы ауылының №5 орта мектебі»
КММ-нің математика пәні мұғалімі,
Қаракия ауданы

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының облыстық туристік слеті

Білім басқармасының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 21 қыркүйек күні жастардың туристік-спорттық дайындығын дамыту және туристік кәсіпшілікті насихаттау мақсатында облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының туристік слеті қашықтықтан өткізілді.




Слетке техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларынан құралған 5 топ қатысты.



Слет ережесіне сәйкес, қатысушылар «Бард әндері» конкурсы, «Экологиялық сокпақ», «Туған өлкенің тарихы», «Команданың визит карточкасы», «Біріктірілген туризм» номинациялары бойынша бейнероликтерін жолдап, барлығы 20 жұмыс қаралды.

Жеңімпаздар: Қарақия ауданы, Қарақия кәсіптік колледжінің «Қарақия колледжі», Түпқараған ауданы, Түпқараған гуманитарлық-техникалық

колледжінің «Ақсеті» және Бейнеу ауданы, Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжінің «Креатив» топтары мен Маңғыстау ауданы, Маңғыстау техникалық колледжінің «Шеркала» және Ақтау қаласы, Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау



политехникалық колледждерінің «МППК» топтары білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Ж. НҰҒЫМАНОВА

Туризм – өлкетану бөлімінің жетекшісі

Мектеп тынысы: жаңа мектеп – жаңа бастамалар



Жаңашылдыққа жаны құмар әр тұлға өз ісін жақсы көретіні сондай – бәсекелестіктен гөрі шығармашылыққа бет түзейді, таласудан гөрі үйретуге эзір тұрады. Мұғалім мамандығын да осы қасиеттерді жоғары бағалайтын адамдар таңдайтындай. Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның барлығын жетіле түсінген, көрген естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені

ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да жағ адамдарға да эділ, жұрттың бөріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бағыл, ержүрек болу керек.

«Ұстаз болу – жүректің батылдығы». Мен, Адырова Шархат Лесқызы, осы қағиданы өзіме сақтап, ұстаз болуды армандап, жаңадан ашылып жатқан Ақшұқыр мектеп-гимназиясына жұмысқа орналастым. Педагог мәртебесі жайында желде, жалпы ақпарат құралдарында түрлі қызу талқылар жүріп жатқанда, арманымға қол жеткізуге асық болған менің ойымда жас бүлдіршінге жақсы жол көрсетерлік жанашыр тәрбиеші, алғашқы ұстазы болу мақсатын ғана тұрды. Алып ұшқан жүректен осынау бір тамаша сезімді өзімнен басқа жан ұға қоймас, сірә! Жаңадан жана орынға келген кез келген маманды жылы қабақ таныта қарсы алып, өнегелі мінезімен, жайдары жүзімен, мәдениетті болмысымен бауран алған

әріптестерім аз ғана уақыт ішінде маған өте ыстық болғанын жасыра алмастың. Мектеп-гимназия басшысы Рахиева Айжан Онайбаевнаның өзінің білімділігімен, мәдениеттілігімен маған таңдаған жолымның дұрыстығына жақсы баға беріп, болашағымнан үміт күткенінің өзі бақыт болды. Сондай-ақ Бибігүл Себенбай Лесбайқызы бізге жол көрсетуші, қате тұсымызда темірқазықтай түзу бағытқа жетелеуші бірден-бір биікті әріптес болса, үлкен дәрежелі мұғалімнің бірі Көшербай Тілектес Серікбайқызы, Тілеміс Тазагул Тыныштыққызының алғашқы қадамыма жан бітіре бағыт-бағдар көрсетуін аса ілтипатпен, құрметпен жақсылық жаршыларына балар едім. Олардан үйренетініміз элі де алда. Бірден қашықтықтан білім беру арқылы іске кіріссем де, балалармен танысып, ата-аналарыма тез бауыр басуым мамандығымнан қателеспегенімнің айқын айғағына айналды.

Мектептегі жаңа бастамалар, басталған игі істер туралы айтпасам болмас. Аудандық білім бөлімі, мектеп тарапынан көптеген отбасы

балаларының қашықтан оқуларына жағдай жасалып, компьютер, роутер сияқты құрылғылармен қамтамасыз етілуі – пандемия кезіндегі бірде-бір үлкен көмек деп есептеймін. Олардың білім алу мүмкіндіктерінің шектелмеуі үшін жасалып жатқан бұл көмекті өз көзіммен көріп, балалардың жүзіндегі қуаныштың сөйлемуі үшін үнемі кері байланыс жасай отырып, зор шабытпен сабақ беруге асыға кірісуім өзім үлкен мерейге айналды. Ұстаздықты ұлықтаған күз мерекелерінің бірінде балаларымның ақ тілектері мен ата-аналарымның жылы лебіздері қолыма қалам ұстатып, мамандығым жайлы сыр шертуіме септігін тигізді. Әр ұстаз өзінің әрбір қадамына есеп бере жүріп, тәжірибе барысындағы қиындықтарды өдіс алмаса отырып жеңе білсе, мамандығының хас шеберіне айнары анық.

Шархат АДЫРОВА
Ақшұқыр мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

Халықаралық туризм күніне арналған «Европа – Азия» облыстық туристік фестивалі

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес, облыс мұғалімдері арасында халықаралық туризм күніне арналған «Европа-Азия» облыстық туристік қашықтық фестивалін өткізді.

Педагогтардың туристік және кәсіптік шеберліктерін шыңдау, туристік – өлкетану бағыты бойынша озық тәжірибе тарату, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған



фестивальге жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан 7 топ қатысты.

Сайыстың ережесіне сәйкес «Бард әндері», «Біріктірілген туризм», «Балалар туризмі туралы



бір үзік сыр», «Туристік – өлкетанулық фотосуреттер», «Туризм туралы бейнефильм» номинациялары бойынша жұмыстар қаралды.

Маңғыстау ауданы Шелеп гимназиясы мен Жармыш орта мектебінің мұғалімдерінің «Биіктік»



тобы және Мұнайлы ауданынан қатысқан «Эверест» тобы жүлделі ІІ - орындарды, Ақтау қаласы «Ғаламат» тобы мен Қарақия ауданы «Өлкетанушылар» және Бейнеу ауданы «Қыран» топтары ІІІ орындарды иеленіп, білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Мұстафа ТЕПСБАЙ
Туризм – өлкетану бөлімінің қосқаушысы